

2. Ата-анаға қойылатын талаптар

«Білім туралы» Заңда, отбасы кодексінде басқа да нормативті – құқықты актілерде көрсетілген ата-аналар міндеттерін орындауға;

1. Ата-аналар комитетінің іс-шараларына қатысып, мектеп әкімшілігі және педагогикалық ұжыммен бірігіп жұмыс жүргізуге;
2. Баласының сабаққа кешікпеуін, сабақтан себепсіз қалмауын қадағалауға;
3. Сабақ кестесіне сәйкес оқулықтар және оқу құралдарымен қамтамасыз етуге;
4. Мектеп жарғысына сәйкес оқушының мектеп формасын сақтауын қадағалауға;
5. Баланың сабақтан тыс ісшараларға үйірме және секцияларға, мектепішілік олимпиадаларға, жарыстарға қатысуын бақылауға алуға;
6. Оқушының оқулықты ұқыпты ұстауын қадағалауға;
7. Егер бала мектеп мүлкін бүлдірсе (оқу-зертханалық және басқа жабдықты бүлдірсе, оқулығын жоғалтса және т.б.) көрсетілген шығынды белгіленген тәртіпке сәйкес қалпына келтіруге;
8. Баланы сабақтан бос уақытында және демалыс кездерінде қараусыз жіберіп, тәртіпсіздік жасауына жол бермеуге, баланың уақытын үнемді, мақсатты пайдалануын ұйымдастыруға;
9. Баланың санитарлық-гигиеналық талаптарға сай жүруіне, денсаулыққа байланысты зиянды заттарды пайдаланбауын қадағалауға;
10. Баланың қалтасында өткір, үшкір, түйрейтін, кесетін, улы заттармен (пышак, қайшы, ине, дәрі) жүрмеуін бақылауға;
11. Ата-аналарға арналған іс-шараларға, ата-аналар жиналысына белсенде қатысуға;
12. Балаға қоғамдық жерлерде жүру тәртібін үйретуге;
13. Балаға сағат 21.00 дан бастап, далада жүруіне тыйым салуға;
14. Балаға патриоттық, рухани адамгершіліктік тәрбие беруге;
15. Баланың салауатты өмір салтына сәйкес өмір сүруіне жағдай жасауға;
16. Баланы кез-келген діни, басқа да жағымсыз әсер ететін ұйымдардан қорғауға міндетті.
17. Отбасындағы ұл-қыздың тәрбиесіне, жыныстық тәрбиесіне (әсіресе қыз бала тәрбиесіне) қатты көңіл бөлу;

Ата-аналарға қойылатын мектептің ішкі тәртіп ережесі

1. Әр ата-ана және оқушы мектептің ішкі тәртіп ережесіне бағынуға міндетті.
2. Ата-ана баласының сабақтан кешікпеуін, сабақтан себепсіз қалмауын қадағалауы тиіс. Егер де оқушы сабақтан себепті қалатын болса, оны анықтамамен дәлелдеуі тиіс.
3. Ата-ана баласын мектеп формасымен, екінші аяқ киіммен, қажетті оқу-құралдарымен толық қамтамасыз етуге жауапты.
4. Оқушыны демалыс кезінде мектептің жоспары бойынша ұйымдастырылған іс-шараларға қатыстыруы тиіс.
5. Сабақ уақытында сынып жетекшісінің уақытын бөлуге тыйым салынады.
6. Сынып жетекшісімен алдын-ала келісім бойынша, сабақтан бос уақытта кездесуге болады.
7. Мектеп әкімшілігімен кездесу үшін кезекші мұғалімге өзінің жеке куәлігін көрсетіп, тек жазылу арқылы кіргізіледі. Сұрақ туған жағдайда, алдымен, сынып жетекшісі, директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, мектепішілік ата-аналар комитетінің мүшелерімен талқылауы тиіс.
8. Оқушылардың ұялы телефондары және басқа да бағалы заттары жоғалса, мұғалім және мектеп әкімшілігі оған жауап бермейді.
9. Мектеп ауласына велосипедпен, роликпен, балаларға арналған бесік арбамен (коляскамен) кіруге, мектеп ауласында серуендеуге тыйым салынады.

3. Ата-ана міндеті

4.1 Мекеме қызметкерлеріне сыпайылық танытуға

- Қызметкерлер жағынан дөрекілік, қателік болған жағдайда директорға ескертулері қажет.

4.2 Санитарлық гигиенаны сақтау, мектеп ережесін орындау: баланы оқу орнына мектеп формасымен және оқу құралдарымен жіберу шарт.

4.3. Мұғаліммен тығыз байланыста болуға, тәрбиелеуде, білім алуына белсенділік таныту, «Ашық есік» күндеріне қатысу.

4.4. Сабақтан қалған жағдайда міндетті түрде сынып жетекшісіне немесе 28-0-80 телефонына (кезекшіге) хабарлау.

4.5. Келісімшарттағы барлық талаптарды орындаулары керек.

4. Ата-ана құқығы

5.1 Оқушы туралы кез келген мәліметті алуға, пән мұғалімдері мен психологтан жеке кеңес алуға;

5.2. Мұғалім келісімімен сабаққа қатысуға, сабақтың қорытындысын талдауға;

5.3. Мектептегі кез келген шараларға қатысуға;

5.4. Мектептегі өз баласының мүддесін қорғауға;

5.5. Оқу - тәрбие жұмыстарының сапасын талап етуге;

5.6. Бала денсаулығына келтірілген зияндықтардың орнын толтыруды талап етуге; жұмсалған шығындардың есебін талап етуге.

5.7. Мектеп пен ата-ана арасында жасалған келісім - шартты орындауға;

5.8. Мектептің Жарғы талаптарын орындауға;

5.9. Мектептің материалдық базасын кеңейту мен ұйымдастыруда өз мүмкіншіліктерінше қатысуға;

5.10 Ата-аналар комитетінің мүшесі болуға құқылы.

5.10. Мектеп басшыларының өтініші бойынша мектептегі үлкен шараларды өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысуға;

5.11. Ата-аналар түрлі қоғамдық және бірлестік жұмыстарға қатысуға құқықты.

5.12. Балалармен жұмыс жүргізуді жақсарту жағдайында өз ойларын айтуға, қосымша көмектер ұйымдастыруға құқықты.

5.13. Келісім шарттың орындалуын қадағалауға.

